

Әскери қызметші (әскери міндетті) қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе ол жарақат алған жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 262 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 868 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 868 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Әскери қызметші (әскери міндетті) қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе ол жарақат алған жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 18 наурыздағы
N 262 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметші (әскери міндетті) қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе ол жарақат алған жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесі

Әскери қызметші (әскери міндетті) қаза тапқан (қайтыс болған) мүгедектігі анықталған немесе ол жарақат алған жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әскери қызметшіге әскери міндеттіге немесе оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақыны (бұдан әрі - өтемақы) төлеу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) әскери қызметші немесе әскери міндетті қызмет (жиын) кезеңінде не қызметін (жиынды) өткеру кезеңінде алған жарақат (контузия), сырқат салдарынан қызметтен босатылғаннан (жиын аяқталғаннан) кейін қаза тапқанда (қайтыс болғанда);

2) әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) ол әскери қызметін (жиын) өткеріп жүрген кезеңде немесе әскери қызметтен босатылған (жиын аяқталған) күннен бастап бір жыл өткенге дейін әскери қызметті (жиынды) өткерумен байланысты контузияның, жарақаттың, сырқаттың нәтижесінде болған мүгедектігі анықталғанда;

3) әскери қызметші, жиындарға шақырылған әскери міндетті әскери қызметте (әскери жиындарда) міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр жарақат (жаралану, жарақат, контузия) не жеңіл жарақат алғанда.

2. Егер қайтыс болу себебі өз-өзіне қол жұмсауға жеткізген жағдайды қоспағанда, өз-өзіне қол жұмсау болғаны заңнамада белгіленген тәртіппен дәлелденген болса, сондай-ақ егер қаза табу (қайтыс болу), жаралану, жарақат, зақым алу адамның заңға қайшы әрекет жасауы кезінде немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу себебінен немесе өзіне қандай да бір зақым келтіру салдарынан немесе өтемақы алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатында өзінің денсаулығына өзге де зақым келтірсе, тиісті құжаттар ресімделмейді және өтемақы төленбейді.

2-тарау. Әскери қызметші (әскери міндетті) қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

3. Әскери қызметші немесе әскери міндетті қызмет (жиын) кезеңінде не қызметті (жиынды) өткеру кезеңінде алған жарақат (контузия), сырқат салдарынан қызметтен (жиыннан) босатылғаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдардың тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) мынадай құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы соңғыларын жазбаша түрде хабардар етеді:

1) өтемақы алуға өтініш (1-қосымша);

2) қайтыс болғандығы туралы куәліктің нотариалдық тәртіппен расталған көшірмесі;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен берілген мұрагерлікке құқығы туралы к у ә л і к ;

4) өтемақы алуға құқығы бар адамның жеке басын куәландыратын құжат к ө ш і р м е с і .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

4. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер):

1) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери қызмет өткеру кезеңін көрсете отырып, өтемақы алуға құқық беретін оқиға сәтіндегі ақшалай үлестің мөлшері туралы анықтаманы (2-қосымша), сондай-ақ әскери қызметшіні бөлімше тізімінен шығару туралы әскери бөлім командирінің бұйрығынан үзіндіні; <*>

2) әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) қаза табуының (қайтыс болуының)) себептері мен жағдаяттарын тергеу материалдарын;

3) қызметтен (жиыннан) босатылғаннан кейін қайтыс болған адамдарға қатысты - қайтыс болу себебі әскери қызметті (жиынды) өткеру кезеңінде алған жаралану, контузия, жарақат немесе сырқат болып табылатынын растайтын әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын (қаулысын) сұратады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

3-тарау. Әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) мүгедектігі анықталған жағдайда өтемақы алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

5. Әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) ол әскери қызметті (жиынды) өткеріп жүрген кезеңде мүгедектігі анықталған жағдайда қызмет (жиын өту) орны бойынша мынадай құжаттар тапсырылады:

1) белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша);

2) мүгедектік тобы анықталғаны туралы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі қорытындысының нотариалдық тәртіппен расталған көшірмесі;

3) нәтижесінде мүгедектігі басталған контузияны, жарақатты, сырқатты қызмет (жиын) өткеру кезеңінде алғанын растайтын әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының (қаулысының) көшірмесі;

4) өтемақы алуға құқығы бар (2-қосымша) адамның әскери қызметті өткерген кезеңін көрсете отырып өтемақы алуға құқық беретін (10-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген адамдардан басқа), оқиға сәтіндегі ақшалай үлестің мөлшері туралы әскери бөлімнің анықтамасы. <*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

6. Әскери қызметшінің (әскери міндеттінің) әскери қызметті (жиынды) өткеруіне байланысты оның контузиясы, жарақаты, сырқаттануы нәтижесінде болған мүгедектігі анықталған жағдайда, әскери қызметтен босатылғаннан (жиын аяқталғаннан) кейін бір жыл өткенге дейін қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) мыналар ұсынылады:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген қ ұ ж а т т а р ;

2) әскери қызметшілер - олардың әскери қызмет өткеру кезеңін көрсетіп, босату күніндегі ақшалай үлесінің мөлшері туралы әскери бөлімнің анықтамасы (2-қосымша), сондай-ақ әскери бөлім командирінің оны әскери бөлімнің тізімдерінен шығару туралы бұйрығының үзіндісі;

3) әскери міндеттілер - олардың әскери жиындарды өткеру кезеңі туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) анықтамасы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

4-тарау. Әскери қызметші (әскери міндетті) мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр жарақат (жаралану, жарақаттану, контузия) немесе жеңіл жарақат алған жағдайда өтемақы алу үшін құжаттардың тізбесі

7. Әскери қызметшінің, жиындарға шақырылған әскери міндеттінің әскери қызмет міндеттерін (әскери жиындарда) атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр жарақат (жаралану, жарақаттану, контузия) немесе жеңіл жарақат алған жағдайда, оларды әскери бөлім командирі немесе тікелей бастықтары қызмет орны бойынша немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) мыналарды:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1), 4) тармақшаларында көрсетілген қ ұ ж а т т а р д ы ;

2) алған жарақаттың (жаралануының, жарақаттануының, контузиясының) ауырлық (ауыр немесе жеңіл) дәрежесі туралы әскери-дәрігерлік комиссияның а н ы қ т а м а с ы н (3 - қ о с ы м ш а) ;

3) әскери қызмет міндеттерін (жиындар өткеру) атқару кезінде жарақат алу фактісін растайтын тексеру материалдарын ұсыну қажеттігі туралы хабардар е т е д і .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

5-тарау. Өтемақыны төлеу тәртібі

8. Осы Ереженің 4, 5, 6, 7-тармақтарында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтемақыны алушының өтінішін мыналар:

1) қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап он күн мерзімде қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге; < * <

2) әскери бөлімдердің командирлері тікелей өтемақы төлеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарға (бұдан әрі - мемлекеттік орган) ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен.

9. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер өтемақы төлеуге құжаттар түскен кезде оларды тіркеуді жүргізеді және түскен күнінен бастап бес күн мерзімде оларды тиісті мемлекеттік органға жібереді.<*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен.

10. Мемлекеттік орган өтемақы төлеуге құжаттарды алған күннен бастап екі ай ішінде оны мынадай мөлшерде әскери қызметшілерге (әскери міндеттілерге), не оны алуға құқығы бар адамдарға төлеуді жүргізеді:

1) әскери қызметші қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе ол әскери қызмет кезеңінде мертліккен жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе ол мертліккен күнге соңғы атқарған лауазымы бойынша ақшалай үлесінің жалақысынан, Заңның 14-бабында белгіленген мөлшерде;

2) әскери қызметші әскери қызметтен босатылғаннан кейін қызмет өткеру кезеңінде алған мертігуі (контузиясы), сырқаттануы салдарынан қайтыс болған жағдайда, босатылған сәтінен бастап қайтыс болған күнгі соңғы атқарған лауазымы бойынша ақшалай үлес жалақысының өзгеруін ескере отырып, Заңның 14-бабында белгіленген мөлшерде;

3) әскери қызметшінің әскери қызметті өткеруіне байланысты контузиясы, мертігуі, сырқаттануы нәтижесінде болған мүгедектігі анықталған жағдайда, әскери қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектігі анықталған күнгі босатылған сәттен бастап соңғы атқарған лауазымы бойынша ақшалай үлес жалақысының өзгеруін ескере отырып, Заңның 14-бабында белгіленген мөлшерде;

4) мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне, стипендия алатын әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарына, жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге Ереженің осы тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген

жағдайларда қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектігі анықталған немесе мертліккен күнгі жыл сайын республикалық бюджетте белгіленетін айлық есептік көрсеткішінің есебінен, Заңның 14-бабында белгіленген мөлшерде. <*>

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

11. Мемлекеттік орган өтемақы төлеуге құжаттарды толық көлемде алмаған жағдайда жетіспеген құжаттарға тиісті сұрау салулар жүргізеді.

12. Заңда көзделген, олар бойынша өтемақы төленбейтін жағдайларда мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі өтініш берушілерге өтемақы төлеуден бас тарту туралы жазбаша хабарлама жібереді.

13. Өтемақы төлеу мемлекеттік органның шотына түскен ақшаның көзделген лимиттері шегінде жүргізіледі.

14. Алушылардың тұрғылықты жері бойынша банк мекемелерінде ашылған дербес шоттарға немесе карт шоттарға өтемақыны аудару қазынашылық басқармалары арқылы жүзеге асырылады.

Өтемақы төлеу және оны аудару үшін банктің қызмет көрсеткеніне төлеу республикалық және жергілікті бюджеттерде мемлекеттік органдардың осы мақсаттарға көзделген қаражаты есебінен жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

15. Кәмелетке толмаған алушыға өтемақы төлеу оны тұрғылықты жері бойынша екінші деңгейдегі банкте ашылған алушының дербес шотына аудару жолымен, бұл туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарын, сондай-ақ оның заңды өкілдерін бір уақытта хабардар етумен құжаттар түскен сәттен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

16. Алушыға өтемақыны аударғаннан кейін біржолғы өтемақыны төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналында (4-қосымша) өтемақының күні, сомасы және төлем құжатының нөмірі көрсетіліп, тиісті жазба жазылады.

Е р е ж е

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

Кімге: _____
(біржолғы өтемақы төлеуді жүзеге

_____ асыратын мемлекеттік органның басшысына)

_____ өтініш берушінің (Т.А.Ә)
тұратын жері _____

тел: _____

Біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге өтініш

Сізден _____

(оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты маған өтемақы төлеуіңізді өтінемін.

Бұрын _____

(оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты біржолғы ақшалай өтемақыны алдым _____

(и я , ж о қ)

Тиісті өтемақы төлемін _____

(облысы, аудан, қала, алушының
тұрғылықты жерінің мекен-жайы)

а у д а р у д ы

ө т і н е м і н :

Банк мекемесінің N _____

Филиалдың N _____

Дербес шоты немесе карт шоты _____

атына

(Т.А.Ө)

Алушының СТН N _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

_____ ж. " _____ " _____ Өтініш беруші _____

(жылы) (күні) (айы) (қолы) (Т.А.Ө)

М.О. Бастық (командир) _____

(қолы) (Т.А.Ө.)

Е р е ж е г е

2-қосымша

" Ә с к е р и

б ө л і м н і ң

бұрыштама мөртаңбасы"

АНЫҚТАМА

берілді,

(атағы, тегі, әкесінің аты)

(ведомствонның атауы және өтемақы төлемдерін алуға құқық беретін

_____ оқиға күнгі атқарған лауазымы)
ол расында қызмет етеді (қызмет етті).

_____ ж. "____" _____ бастап _____ ж. "____" _____ дейін
(күні) (күні)

200__ ж. "____" _____ ақшалай үлесі:
(біржолғы өтемақы алуға құқық беретін оқиға күні)

_____ кұрады.

(сомасы жазумен)

с о н ы ң і ш і н д е :

лауазымдық жалақысы _____

әскери атағы бойынша жалақысы _____

Босату себебі (егер босатылған болса): _____

Анықтама әскери қызметші қаза тапқан (қайтыс болған), жарақат алған жағдайда біржолғы ақшалай өтемақы тағайындау үшін берілді.

Командир (бастық) _____
(қ о л ы) (Т . А . Ә .)
М . О .

Қаржы қызметінің _____
бастығы (бухгалтер) (қолы) (Т.А.Ә.)

Е р е ж е г е

3-қосымша

" Ә с к е р и б ө л і м н і ң
бұрыштама мөртаңбасы"

АНЫҚТАМА

_____ (атағы, тегі, әкесінің аты)

_____ берілді.

ол іс жүзінде әскери қызмет міндеттерін (әскери жиындарда) атқару кезінде _____

(жарақат алу жағдайы көрсетіледі)

_____ (жылы, күні, айы) _____ (ауырлығы немесе жеңілдігі жазбаша көрсетіледі)

_____ (жараның, контузияның, жарақаттың немесе зақымның сипаты және

оларды аластату көрсетіледі)
жара, контузия, жарақат немесе зақым алды,

(керек емесі сызылып тасталсын)

осыған байланысты 200__ ж. _____ 200__ ж. "___"_____ дейін

(әскери-емдеу мекемесінің атауы көрсетіледі)

емдеуде болды.

Анықтама әскери қызметші жарақат алған жағдайда біржолғы ақшалай өтемақы тағайындау үшін берілді.

М.О. _____ Әскери-дәрігерлік _____
комиссияның төрағасы (қолы) (Т.А.Ә.)

Е р е ж е г е

4-қосымша

Біржолғы өтемақы төлеуге өтінімдерді тіркеу журналы

Р/с!Әскери ! Зақым алған, ! Қаза тапқан !Түскен!Мате.!Залалдың
N !атағы ! қаза тапқан !(қайтыс болған)!күні !риал !орнын тол.
! !(қайтыс болған)!әскери қызмет. !кір. N!қай. !тыру себе.
! !әскери қызмет. !шінің мұрагері.! !дан !бі (өлімі,
! ! шінің Т.А.Ә. ! нің Т.А.Ә. ! !түсті!мүгедекті.
! ! ! ! ! !гі, ауыр
! ! ! ! ! !немесе же.
! ! ! ! ! !ңіл жара.
! ! ! ! ! !қ а т ы)

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

Таблицаның жалғасы:

Б і р ж о л ғ ы ! Т ө л е м !
ө те ма қ ы н ы ң ! та п с ы р ма с ы н ы ң !
с о ма с ы ! N ж ә н е кү н і !
-----!
8 ! 9 !
